

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі N 112 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 24 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4625 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 184 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 11.04.2019 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" және "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын орындау үшін, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрық ресми бірінші жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірін беру 2007 жылдың 13 тамызынан бастап жүзеге асырылады.

4. Алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2010.09.14 № 265 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

5. Алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 19.06.2013 № 223 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Министр

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2007 жылғы 12 сәуірдегі
№ 112 Бұйрығымен
бекітілген

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 27.02.2013 № 68 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдарының (бұдан әрі - тіркеуші органдар) Қазақстан Республикасы аумағында құрылатын, қайта ұйымдастырылатын, қайта тіркелетін, таратылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу, қайта тіркеу, есептік тіркеуден шығару жөніндегі қызметін нақтылайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Заңды тұлғаларды (филиалдар мен өкілдіктерді) мемлекеттік (есептік) тіркеу:

мемлекеттік (есептік) тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеруді;

бизнес-сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі - БСН) бере отырып, мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы анықтама беруді;

заңды тұлғалар (филиалдар мен өкілдіктер) туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне (бұдан әрі - Ұлттық тізілім) енгізуді қамтиды.

Тіркеу кезінде заңды тұлғаның құрылуының, филиал мен өкілдікті ашудың мақсатқа сай екендігі туралы мәселе назарға алынбайды, оның өндірістік-шаруашылық қызметін бақылауға алу және оған араласу мақсат етіп қойылмайды.

3. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу:

заңды тұлғаны құру, қайта тіркеу, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың тіркеу, қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктерді құру, есептік қайта тіркеу, құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу және қызметін тоқтату фактісін куәландыру;

Қазақстан Республикасының аумағында құрылған, қайта тіркелген, қайта ұйымдастырылған және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды, сондай-ақ құрылған, есептік қайта тіркеуден өткен және есептік тіркеуден шығарылған филиалдар мен өкілдіктерді есепке алу;

Ұлттық тізілімді жүргізу;

заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы жалпыға қолжетімді ақпаратты (қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізу мақсатында жүзеге асырылады.

4. Өздерінің құрылу мақсатында, өз қызметінің түрі мен сипатына, қатысушылар (мүшелер) құрамына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында құрылатын барлық заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуге жатады.

Заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері, оларға заңды тұлға құқығы берілмей-ақ есептік тіркеуге жатады.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді әділет органдары (тіркеуші орган) жүзеге асырады.

Банктерді, республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, сонымен қатар, саяси партияларды, шетел және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерді мемлекеттік (есептік) тіркеу, қайта тіркеу және таратуды тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) жүзеге асырады.

Жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, қорларды және заңды тұлғалардың қауымдастықтарын мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, тарату, қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, қайта тіркеу, есептік тіркеуден шығару тиісті облыста және Астана, Алматы және Шымкент қалаларында облыстардың, Астана, Алматы мен Шымкент қалаларының Әділет департаменттері жүзеге асырады.

Министрлікте тіркеуге жататындардан басқа, тиісті облыстарда, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында құрылған, қайта ұйымдастырылған және таратылған заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеуді (қайта тіркеуді және таратылуын тіркеуді) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тиісті облыстардағы аудандық (қалалық) Әділет басқармалары жүзеге асырады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 22.11.2018 № 1549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Тіркеуші орган құрылған, қайта ұйымдастырылған және таратылған заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтері бар Ұлттық тізілімді қалыптастырады.

Ұлттық тізілімді жүргізу заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтерді есепке алу және өзекті ету арқылы жүзеге асырылады.

2. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу

6. Орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері заңды тұлғаларын, сондай-ақ, коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу үшін тіркеуші органға:

1) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысанда өтініші, сондай-ақ өз қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін осы Нұсқаулыққа 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандағы өтініштер;

2) осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес құрылтай және басқа да құжаттар тізбесі ұсынылады;

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке қол қойылады және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 6-бабында қарастырылған тәртіпте тіркеуші органға ұсынылады.

Шетел қатысатын заңды тұлғаларды тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, қосымша:

1) құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын сауда тізілімінен заңды көшірмесі немесе басқа заңды құжаты, нотариалдық куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге;

2) құрылтайшының - шетелдік жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын паспорттың көшірмесі немесе басқа да құжаты мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариалдық куәландырылған аудармасымен қоса табыс етілуге тиіс.

7. Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген, өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдар мен өкілдіктерін) Қазақстан Республикасынан тыс жерде ашатын заңды тұлғалар үшін тіркеуші органға 6-қосымшаға сәйкес Ұлттық тізілімнен үзіндісі ұсынылады.

8. Акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттары, сондай-ақ, өз қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектісін (шағын кәсіпкерлік субъектілерінен басқа) тіркеу туралы өтініш қазақ және орыс тілдерінде тігілген және нөмірленген түрде үш данада ұсынылады және нотариалды куәландырылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары қазақ және орыс тілдерінде тігілген және нөмірленген түрде үш данада ұсынылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Акционерлік қоғамдардың жарғыларын, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің ережелерін қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың жарғылары, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің ережелері мемлекеттік тіркеуге ұсынылмайды.

10. Қызмет мәні қаржылық қызмет көрсету болып табылатын заңды тұлғаны тіркеу үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте, қосымша Ұлттық Банкінің рұқсаты талап етіледі.

Тиісті тауар нарығында монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат тіркеуші органға бір мезгілде ұсынылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.02.2017 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

11. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы өтініш тіркеуші органға Интернет желісі арқылы берілген электрондық құжат түрінде берілуі мүмкін.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы өтініш "электрондық үкіметтің" (www.egov.kz) веб-порталында толтырылады және ұсынылады, электрондық цифрлық қолтаңба қойылады.

Тіркеу алымын төлеу "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

12. Саяси партияларды құру үшін саяси партияларды құру жөніндегі ұйымдастыру комитеті осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес хабарлама ұсынады, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының "Саяси партиялар туралы" Заңының 6-бабына сәйкес нысандағы саяси партияларды құру ниеті туралы тіркеуші органға:

1) саяси партияны құру бойынша бастамашы топтың тізімі және осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, электрондық және қағаз жеткізгіштеріндегі ұйымдастыру комитетінің мүшелері туралы мәліметтер;

2) ұйымдастыру комитетінің құрылу мақсаты, саяси партияның болжалды атауы, орналасқан жері, ұйымдастыру комитетінің ақшасы мен өзге де мүлкін

калыптастыру мен пайдаланудың болжалды көздері, сондай-ақ ұйымдастыру комитетінің қаражатын қалыптастыру үшін есеп айырысу шотын ашуға және оның қызметін қамтамасыз ету үшін азаматтық-құқықтық шарттар жасасуға уәкілеттік берілген ұйымдастыру комитетінің мүшесі туралы мәліметтер көрсетілген ұйымдастыру комитеті жиналысының хаттамасы ұсынылады.

Тіркеуші орган осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген хабарламалар мен құжаттарды алған күні, ұйымдастыру комитетінің уәкілетті тұлғасына, оларды ұсынғанын растайтын осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды ұсыну туралы растау құжатын береді.

Саяси партияларды тіркеу кезінде саяси партиялары мүшелерінің тізімі осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысандағы, электрондық және қағаз жеткізгіштерінде ұсынылады.

13. Діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға діни бірлестікті құру туралы шешім қабылдаған кезден бастап екі айлық мерзімде өтініш беріледі. Өтінішке Қазақстан Республикасының "Діни қызмет туралы" Заңының 12-бабының 3-тармағында көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

Діни бірлестіктерді құратын бастамашы - азаматтар тізімі осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес нысанда ұсынылады.

14. Өңірлік діни бірлестікті тіркеу кезінде қосымша өңірлік діни бірлестікті құруға бастама жасаған, жергілікті діни бірлестіктің әрбіреуінің қатысушыларының тізімі, сондай-ақ, олардың жергілікті діни бірлестіктері жарғыларының нотариалды куәландырылған көшірмелері ұсынылады.

15. Тіркеуші орган мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) мерзімін тоқтату туралы шешімді қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, дін істері уәкілетті органға діни сараптамасын жүргізуді ұйымдастыру және діни бірлестікті құруға бастамашы-азаматтар тізімін тексеру үшін қажетті құжаттардың көшірмесін жолдайды.

16. Ұсынылған құжаттарды заңнамаға сәйкестігін тексеру, жүргізілген діни сараптаманың, діни бірлестікті құруға бастамашы-азаматтардың тізімін тексеру нәтижелері бойынша діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу немесе мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданады.

17. Республикалық діни бірлестіктер тіркелген күннен бастап бір жыл өткенше мәртебесін растау үшін, Министрлікке олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өтуін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады. Аталған талаптарды орындамаған жағдайда, республикалық діни бірлестік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте қайта ұйымдастырылуға немесе таратылуға жатады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Заңды тұлғаны қайта құру

18. Заңды тұлғаның қайта құруы келесі жағдайларда жүргізіледі:

- 1) қосу;
- 2) біріктіру;
- 3) өзгерту;
- 4) бөлу;
- 5) бөліп шығару.

19. Қосылу, біріктіру және өзгерту кезінде тіркеуші органға:

1) Қосылу және өзгерту жағдайда осы Нұсқаулықтың 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес нысандағы өтініші, біріктіру жағдайда осы Нұсқаулықтың 12, 13, 14, 15, 16, 17, 20-қосымшаларына сәйкес белгіленген үлгідегі өтініші;

2) (жеке кәсіпкерлікті субъектілерін қоспағанда) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі, заңды тұлғаның мөрімен бекітілген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органның қайта ұйымдастыру туралы шешімі немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі;

3) заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелері көрсетілген тапсыру актісі және заңды тұлға уәкілетті органының тапсыру актісін бекіту туралы шешімі;

4) кредиторлардың хабарламаны алған күні көрсетілген және кредитор-заңды тұлғаның мөрімен бекітілген (жеке кәсіпкерлікті субъектілерін қоспағанда) заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы кредиторлардың жазбаша хабардар етілгенін растайтын құжат, немесе алғаны туралы пошталық хабарламасы қоса берілген құжат.

5) қайта ұйымдастырылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат беріледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің м.а. 05.04.2018 № 524 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Заңды тұлғаның бөліну, бөлініп шығу кезінде тіркеуші органға:

1) бөлінген жағдайда осы Нұсқаулықтың 1, 2, 3, 4- қосымшаларына сәйкес нысандағы өтініші, бөлініп шығарылған жағдайда осы Нұсқаулықтың 1, 2, 3, 4, 12, 13, 14 және 15-қосымшаларына сәйкес белгіленген үлгідегі өтініші;

2) (жеке кәсіпкерлікті субъектілерін қоспағанда) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі, заңды тұлғаның мөрімен бекітілген заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген органның қайта ұйымдастыру туралы шешімі немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі;

3) заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелері көрсетіле отырып – бөліну балансы

4) кредиторлардың хабарламаны алған күні көрсетілген және кредитор-заңды тұлғаның мөрімен бекітілген (жеке кәсіпкерлікті субъектілерін қоспағанда) заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы кредиторлардың жазбаша хабардар етілгенін растайтын құжат, немесе алғаны туралы пошталық хабарламасы қоса берілген құжат.

5) бөліну нысанындағы қайта ұйымдастырылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат беріледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің м.а. 05.04.2018 № 524 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Осы Нұсқаулықтың 19 және 20-тармақтарында көрсетілген жағдайларда тіркеуші органға бұрынғы құрылтай құжаттарының төлнұсқалары ұсынылады.

22. Біріктіру нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайын қоспағанда, жаңадан пайда болған заңды тұлғаларды тіркеген кезден бастап заңды тұлға қайта ұйымдастырылды деп саналады.

23. Қосылу, бөліну, өзгерту кезінде өз қызметін тоқтатқан заңды тұлға, Ұлттық тізілімнен (Ұлттық тізілімнен шығару онда заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны туралы мәліметтерді енгізу жолымен жүргізіледі) шығарылуға жатады, ол туралы жаңадан құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықта көрсетіледі.

24. Біріктіру кезінде өзінің қызметін тоқтатқан заңды тұлға Ұлттық тізілімнен шығарылуға жатады (Ұлттық тізілімнен шығару оған заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылуы туралы мәліметтерді енгізу жолымен жүргізіледі), ол туралы Ұлттық тізілімнен шығару туралы немесе қайта құрылған заңды тұлға қосылған заңды

тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу кезінде бұйрықта көрсетіледі.

25. Біріктіру кезінде, бір немесе одан көп заңды тұлғалар қызметін тоқтатқанда, бір заңды тұлғаның іріленуі жағдайында қосылған заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері тапсыру актісіне сәйкес, мираскор заңды тұлғаға ауысады. Біріктірілген заңды тұлғалар Ұлттық тізілімнен шығарылады, ол туралы бір уақытта мемлекеттік қайта тіркеу және заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу туралы бұйрықта көрсетіледі.

26. Егер біріктіру нәтижесінде, біріктірілетін заңды тұлға қайта тіркеуге, өзгертулерді тіркеуге жатпаса, онда біріктерілген заңды тұлғаны тіркеуді (қайта тіркеуді) жүргізген тіркеуші органға осы Нұсқаулықтың 19-тармағында көрсетілген құжаттар тізімі ұсынылады.

Ұсынылған құжаттар негізінде тіркеуші орган Ұлттық тізілімнен шығару туралы бұйрық шығарады және бұйрықты мұрағаттық тіркеу материалдарын қоса салу арқылы заңды тұлғалар біріктірілген заңды тұлғаның тұрған жері бойынша тіркеуші органға жолдайды.

27. Егер қайта құру кезінде біріктірілетін заңды тұлға қайта тіркеуге, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды тіркеуге жатса, онда біріктірілетін заңды тұлғаны Ұлттық тізілімнен шығаруды қайта тіркеуге, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды тіркеуге құжаттар топтамасы тапсырылған тіркеу органы жүзеге асырады. Осы жағдайда заңды тұлғаны қайта тіркеу және құрылтай құжаттарына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу және Ұлттық тізілімнен біріктірілген заңды тұлғаны алып тастау туралы бұйрықтың көшірмесі тиісті тіркеуші органға жолданады.

28. Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыру кезінде тіркеуші органға табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі ұсынылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 28.02.2017 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Акционерлік қоғамды өзгерту, қосылу, бірігу және бөліну кезінде тіркеуші органға қосымша акционерлік қоғамның барлық акциялар шығарылымының күшін жою туралы куәлік ұсынылады.

30. Бөлініп шығу кезінде заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылуы жүргізілмейді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлімі) 42-бабының 6-тармағында көзделген негіздер бар болған жағдайда, алғашқы заңды тұлға қайта тіркеуге жатады.

Қайта ұйымдастырылу жолымен құрылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу Осы Нұсқаулықтың 12-тарауында көзделген мерзімде жүргізіледі.

31. Құжаттар тізбесі ұсынылғаннан кейін тіркеуші орган:

1) ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын және олардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дұрыс толтырылғандығын тексереді;

2) құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келген жағдайда, қазақ және орыс тілдерінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрық шығарады (заңды тұлғаның құжаттарын қараған, тіркеуші органның маманы бұйрықтың жобасын 3 данада, қазақ және орыс тілдерінде дайындайды және оған сол маман, сондай-ақ тіркеу бөлімінің бастығы бұрыштама қояды, содан кейін тіркеуші органның басшысына немесе оның орынбасарына қол қоюға ұсынылады);

3) Ұлттық тізілімге заңды тұлға туралы мәліметтер енгізеді;

4) тіркелген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде БСН бере отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді жүргізу туралы хабарламаны мемлекеттік кіріс органдарына жібереді;

5) заңның 12-бабына сәйкес заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама береді;

6) құрылтай және басқа да құжаттарының (акционерлік қоғамнан басқа, жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) бір данасы бар істі ресімдейді, іс рәсімделгеннен кейін (БСН беруді растайтын тиісті мөртабандарды және мөрді қойғаннан кейін) құрылтай құжаттарының түпнұсқалары құрылтайшыға не оның өкіліне қайтарылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 485 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің хабарлама тәртібі

32. Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, қайта ұйымдастырылу жолымен құрылатын тіркеуді қоспағанда, Заңның 6-1-бабында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) тіркеуші органға осы Нұсқаулықтың 18-

қосымшасына сәйкес нысан бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама береді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу "электрондық үкімет" веб-порталында толтырылатын электрондық хабарлама беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғылары (ережелері) мемлекеттік тіркеу процесінде ұсынылмайды.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.09.2014 № 273 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

33. Шетел қатысуымен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен, халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, қосымша:

құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын сауда тізілімінен заңды көшірмесі немесе басқа заңды құжаты, нотариалдық куәландырылған мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге;

құрылтайшының - шетелдік жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын паспорттың көшірмесі немесе басқа да құжат қазақ және орыс тілдеріне нотариалдық жолмен куәландырылған аудармасымен қоса табыс етілуге тиіс.

34. "Электрондық үкімет" веб-порталға жүгінген жағдайда хабарламаға көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі.

Веб-порталға жүгінген жағдайда өтініш берушінің "жеке кабинетінен" заңды тұлғаны хабарлама тәртібінде тіркеу фактісі заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамамен расталады, ол өтініш берушіге (өтініш берушілерге) электрондық форматта жеке кабинетке ("электрондық үкімет" порталында) жіберіледі.

Тіркеуші органға жүгінген жағдайда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы беру кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны жөнінде хабарламаны қабылдау туралы растау болып табылады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы беру кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.09.2014 № 273 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу

35. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері олардың заңды тұлға құқығына иеленусіз есептік тіркеуге жатады.

36. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін тіркеуші органға осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысанда беріледі. (жеке кәсіпкерлікті субъектілерін қоспағанда) өтінішке филиал (өкілдік) құратын уәкілетті заңды тұлға қол қояды және заңды тұлғаның мөрімен расталады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің м.а. 05.04.2018 № 524 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Өтінішпен бірге филиалды (өкілдікті) есептік тіркелгені үшін бюджетке алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат беріледі.

38. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын, заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері), сондай-ақ, акционерлік қоғамдар үшін қосымша заңды тұлға бекіткен, үш данада қазақ және орыс тілдеріндегі филиал (өкілдік) туралы ереже, жарғының (ереженің) көшірмесі және заңды тұлғаның мөрімен бекітілген филиалдың (өкілдіктің) басшысына берілген сенімхат (қоғамдық және діни бірлестіктерден басқа) ұсынылады.

39. Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, филиалды (өкілдікті) құратын шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын растайтын, сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесі, шетелдік заңды тұлғаның құрылтай құжаттары немесе басқа да заңдастырылған құжаты, сондай-ақ салықтық тіркеу нөмірі (немесе оның аналогы) көрсетіле отырып, шетелдік заңды тұлғаның инкорпорация еліндегі салықтық тіркелуін растайтын құжат қосымша ұсынылуға тиіс. Филиалды (өкілдікті) құратын шетелдік заңды тұлғаның құжаттары нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге ұсынылады.

40. Мемлекеттік кәсіпорын филиал (өкілдік) құрған кезде Ұлттық Банктің не мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) филиал (өкілдік) құруға келісімін растайтын құжат қосымша ұсынылады.

41. Құжаттар табыс етілген соң тіркеуші орган:

1) ұсынылған құжаттар пакетінің толық екендігі және олардың дұрыс дайындалғанын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң актілеріне сәйкестігін тексереді;

2) құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң актілеріне сәйкес болған жағдайда филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы бұйрық шығарады (бұйрық жобасын заңды тұлғаның құжаттарын қарастырған тіркеуші органның маманы үш данада дайындайды және осы маман, сондай-ақ тіркеу бөлімінің бастығы қол қояды, содан соң тіркеуші органының бастығына немесе оның орынбасарына қол қоюға ұсынады);

3) Ұлттық тізілімге филиал (өкілдік) туралы мәлімет енгізеді;

4) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет енгізілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде филиалды (өкілдікті) есептік тіркегені және БСН-і берілгені туралы мемлекеттік кіріс органына хабарлама жібереді;

5) Заңның 12-бабына сәйкес филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама береді;

6) бір данадан тұратын ережесі бар істі рәсімдейді, істі рәсімдеп болғаннан кейін шағын кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын және де акционерлік қоғам заңды тұлғаларының филиалдарының (өкілдігінің) ережесінің төлнұсқасына БСН иеленгенін растайтын мөртаңбалар қойылып, құрылтайшыға немесе оның өкіліне қайтарылады.

Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу, филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеу

42. Заңды тұлға келесі жағдайларда қайта тіркеуден өтуге тиіс:

1) жарғылық капитал мөлшері азайғанда;

2) атауы өзгергенде;

3) шаруашылық серіктестіктеріндегі қатысушылардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді қоспағанда) құрамы өзгергенде.

Қатысушылар құрамының өзгеруі, атауының өзгеруі немесе жарғылық капиталының азаюы негізінде заңды тұлғаның қайта тіркеуі қайта құрудың бірігу және бөлініп шығу жағдайларында болуы мүмкін.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 22.11.2018 № 1549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Заңды тұлға шешім қабылданған сәттен бастап бір айдың ішінде тіркеуші органға келесі құжаттарды тапсырады:

1) осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасына сәйкес заңды тұлғаны, филиал мен өкілдікті қайта тіркеу туралы, ал, өз қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін 13, 14, 15-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаларды мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу туралы өтініш. Мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалар тізілім ұстаушының белгісі бар өтінішті;

2) (жеке кәсіпкерлікті субъектілерін қоспағанда) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделетін, мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі не шешімінен үзінді көшірмесін;

3) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары (өкілдіктері) үшін енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен құрылтай құжаттарының (ережелерінің) үш данасын тапсырады.

Сонымен бірге, өзгерістер мен толықтырулар енгізу екі тәсілмен:

1) құрылтай құжаттарын жаңа редакцияда жасау арқылы;
2) өзгерістерді (толықтыруларды) бұрынғы құрылтай құжаттарына қосымша түрінде енгізу арқылы жүргізіледі.

3) Егер құрылтай құжаттары нотариалдық куәландыруға жататын болса, онда оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар да нотариалдық куәландырылуы тиіс;

4) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның бұрынғы құрылтай құжаттарының, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелердің түпнұсқалары;

Тіркеуші орган жеке кәсіпкерлік субъектісінде жарғысы және мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі болған жағдайда бұрынғы құжаттарының телнұсқасы тәркіленеді;

5) заңды тұлғаларды қайта тіркеу үшін және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төлегенін растайтын түбіртек немесе басқа құжат;

Көрсетілген құжаттардың тізімі қайта тіркеуден өтудің барлық жағдайларында ұсынылады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің м.а. 05.04.2018 № 524 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді қоспағанда, қатысушылар құрамының өзгеруі негізі бойынша шаруашылық серіктестіктерін мемлекеттік қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарына сәйкес шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығының иеліктен шығарылғанын (біреуге беру) растайтын құжат ұсынылады. Егер шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (біреуге беру) шартының тарапы жеке тұлға болып табылатын жағдайда, жеке тұлға қолының түпнұсқалығы нотариалды куәландыруға тиіс.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 22.11.2018 № 1549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Жарғылық капиталының азайуымен заңды тұлғаны қайта тіркеу кезінде қосымша барлық кредит берушілеріне жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы жазбаша хабарлама немесе серіктестік туралы мәліметтер жарияланатын ресми басылым беріледі.

46. Заңды тұлға қайта тіркеу кезінде нақтылы мекенжайын өзгерткен жағдайда, тіркеуші органға қосымша нақтылы тұрған жерін растайтын құжат ұсынады.

47. Табиғи монополия субъектілерін мемлекеттік қайта тіркеу үшін табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі талап етіледі.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 28.02.2017 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Тиісті тауар нарығында монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында немесе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, қайта тіркеу үшін монополияға қарсы органның келісімі талап етіледі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 28.02.2017 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісінше Қазақстан Республикасының банк заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде осы Нұсқаулыққа 19 және 20-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеуші органға тапсырады.

Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Қайта тіркеуге құжаттар табыс етілген соң тіркеуші орган:

1) ұсынылған құжаттар пакетінің толық екендігі және олардың дұрыс дайындалғанын (жасалуын) және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заң актілеріне сәйкестігін тексереді;

2) құжаттарда қолданыстағы заң актілеріне қайшы заң бұзушылық болмаған жағдайда заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы бұйрық шығарады;

3) Ұлттық тізілімге заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы мәлімет енгізеді;

4) тіркелген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде заңды тұлғаның қайта тіркелгені және БСН-і берілгені туралы мемлекеттік кіріс органына хабарлама жібереді;

5) Заңның 12-бабына сәйкес заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама береді;

6) істі заңды тұлғаның жаңа құрылтай құжаттарымен не бұрынғы құрылтай құжаттарына қосымша ретінде ресімделген, құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулары бар данамен және жеке кәсіпкерлік субъектілерін басқа заңды тұлғаның басқа да құжаттармен толықтырады.

Істерді ресімдеп болған соң (БСН берілгенін растайтын тиісті мөртаңбалар және мөрлер қою) құрылтай құжаттарының төлнұсқалары (акционерлік қоғамна басқа жеке кәсіпкерлік субъектілері) уәкілетті тұлғаға қайтарылады.

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Филиалдар (өкілдіктер) атауы өзгерген жағдайда есептік қайта тіркеуге жатады.

Филиалды (өкілдікті) қайта тіркеу осы Нұсқаулықтың 43, 50-тармақтарына сәйкес филиалға (өкілдікке) қолданылатын тәртіппен жүзеге асырылады. Филиалға (өкілдікке) Заңның 12-бабына сәйкес филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеу туралы анықтама береді.

Филиал немесе өкілдікті құрушы шетелдік заңды тұлғаның атауы өзгерген жағдайда қосымша нақтылы субъектінің атауының өзгергені туралы өзінің мемлекетінің заңнамасына сәйкес сауда тізілімінің заңдастырылған үзіндісі немесе басқа да заңдастырылған құжаттары нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге ұсынылады.

7. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу

52. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуге әкеп соқпайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда заңды тұлға, филиал (өкілдік) тіркеуші органға бұл жөнінде жарғыға (ережеге) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде хабарлайды.

53. Хабарламаға заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекемделген, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні қоса беріледі.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу келесі жағдайларда:

- 1) орналасқан жері өзгергенде;
- 2) жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданғанда жүргізіледі.

55. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген, мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуге әкеп соқпайтын өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға:

1) заңды тұлғаның басшысы немесе басқа уәкілетті тұлға қол қойған, мөрмен (ол болған кезде) бекітілген осы Нұсқаулықтың 16-қосымшасына, өз қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдар үшін 17-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі өтініші (мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалар – тізілім ұстаушының белгісі бар өтініші);

2) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен (ол болған кезде) бекітілген шешімі не шешімінен үзінді;

3) нақты мекенжайы өзгерген жағдайда заңды тұлға мөрімен (ол болған кезде) бекемделген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мәтінінің үш данасы немесе жаңа редакцияда ресімделген, заңды тұлға құрылтай құжаттарының, филиал (өкілдік) туралы ереженің үш данасы;

4) заңды тұлғаның бұрынғы құрылтай құжаттарының, филиал (өкілдік) туралы ереженің түпнұсқалары;

5) нақты орналасқан жерін (орналасқан жерін өзгерткен жағдайда) растайтын құжат ұсынылады.

Ескерту. 55-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжаттар: жалдау, сатып алу-сату шарттары, қозғалмайтын мүлікке құқықтың тіркеу жүргізілгендігі туралы мөртабан басылған жылжымайтын мүлікке құқықты растайтын құжат және азаматтық заңнамада көзделген өзге де құжат.

Егер үй-жайдың иесі жеке тұлға болған жағдайда, онда жеке тұлғаның үй-жайды заңды тұлғаның тұратын жері ретінде бергені туралы нотариалдық куәландырған келісімі табыс етіледі.

Қосылу жолымен қайта ұйымдастыру кезінде осы Нұсқаулықтың 19-тармағында көрсетілген құжаттар қосымша ұсынылады.

57. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуден бас тарту мына:

1) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі бұзылған, құрылтай құжаттары (ереже) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес келмеген;

2) сот актілері және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдарының қаулылары (тыйым салулары, қамауға алулары) болған жағдайларда жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда, тіркеуші орган оған ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің талаптарына сәйкес келмейтіндігіне сілтеме жасалған жазбаша түрдегі дәлелді бас тартуды Осы Нұсқаулықтың 12-тарауында көзделген мерзімдерде береді.

58. Көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін тіркеуші орган:

1) Ұлттық тізілімге құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы мәлімет енгізеді;

2) Заңның 12-бабына сәйкес, жаңа мекенжайы, заңды тұлғаны тіркеген (қайта тіркеген) күні және бастапқы мемлекеттік тіркелген мерзімі көрсетілген заңды тұлғаны, филиалмен өкілдікті тіркеу, қайта тіркеу туралы анықтама береді;

3) заңды тұлғаның бұрынғы мекенжайы бойынша тіркеуші органнан оның құжаттарын сұратып алады;

4) іске бұрынғы құжаттарды, сол сияқты жаңа ұсынылған құжаттарды тігеді;

59. Акционерлік қоғамды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаның, олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) орналасқан жері ауысқан кезде заңды тұлға, филиал (өкілдік) нақты мекенжайы бойынша тіркеуші органға бұл жөнінде орналасқан жерін ауыстыру туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде хабарлайды.

Хабарламаға заңды тұлға мөрімен бекітілген, құрылтай құжаттарына (филиалдар мен өкілдіктер туралы ереже) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзіндісі, сондай-ақ нақтылы тұрған жерін растайтын құжат қоса беріледі.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің м.а. 05.04.2018 № 524 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген, мемлекеттік (есептік) қайта тіркеуге әкеп соқпайтын өзгерістер мен толықтыруларды, заңды тұлғаның олардың филиалдарымен өкілдіктерінің жарғысы (ережесі) жаңа редакцияда

қабылданғанда немесе орналасқан жері өзгерген жағдайлардан басқа кездерде, тіркеуші органға бұл жөнінде жарғыға (ережеге) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде хабарлайды.

Хабарламаға заңды тұлға мөрімен бекітілген, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзіндісі, сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні заңды тұлға мөрімен бекітілген түрінде қоса беріледі.

61. Көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін тіркеуші орган:

1) Ұлттық тізілімге 3-жұмыс күні ішінде заңды тұлғаның, филиал мен өкілдіктің мекенжайы ауысқаны туралы мәлімет енгізеді;

2) заңды тұлғаның бұрынғы мекенжайы бойынша тіркеуші органнан оның құжаттарын сұратып алады.

8. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру

62. Тіркеуші орган заңды тұлғаның өтініші бойынша үш жұмыс күні ішінде жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын береді.

Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру үшін:

1) 19-қосымшаға сәйкес белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) жарғының (ереженің) телнұсқасын алу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен (ол болған кезде) бекемделген шешімі не шешімінен үзінді;

3) заңды тұлғаның құрылтай құжатында көзделген жарғы (ереже) түпнұсқасының жоғалғаны туралы ақпараттың мерзімді баспасөз басылымында жарияланғанын растайтын құжат ұсынылады.

Заңды тұлғаның жарғысының (филиал мен өкілдіктің ережесінің) телнұсқаларын алу үшін тіркеу алымы алынбайды.

Ескерту. 62-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Заңды тұлғаның жарғысының (филиал мен өкілдіктің ережесінің) телнұсқаларына тіркеуші орган тіркеу туралы тиісті мөртаңбаны және құжаттың

телнұсқасының берілген күнін көрсететін мемлекеттік және орыс тілдерінде (телнұсқа) деген мөртаңбаны қояды.

9. Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу

64. Тарату негіздемесі бойынша заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін:

1) осы Нұсқаулықтың 20-қосымшасына сәйкес белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) (жеке кәсіпкерлікті субъектілерін қоспағанда) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының заңды тұлға мөрімен бекітілген шешімі;

3) заңды тұлғаның таратылуы, кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың Әділет министрлігінің ресми баспасөз басылымдарында жарияланғанын растайтын құжат;

4) облигациялардың және (немесе) акциялардың күшін жою туралы куәлік және (немесе) облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есеп не бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның тіркелген акциялар және (немесе) облигациялар шығарылымдарының бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органда жоқ екендігі туралы хаты;

5) (жеке кәсіпкерлікті субъектілерін қоспағанда) заңды тұлғаның мөрін жою туралы құжат;

6) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат;

7) құрылтай құжаттары (болған кезде) ұсынылады.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің м.а. 05.04.2018 № 524 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш тіркеуші органға заңды тұлғаның таратылғаны туралы ақпарат жарияланған күннен бастап кемінде екі ай өткен соң ұсынылады.

66. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 28.02.2017 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Заңды тұлғаны тарату тәртібінің бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның есептік тіркеуден шығарылмаған филиалдары (өкілдіктері) болған, салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болған не мұндай заңды тұлға Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда мемлекеттік кіріс органдары берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартқан жағдайларда, тіркеуші орган заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады.

Заңды тұлға өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

Ескерту. 67-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Сот шешімімен таратылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу сот шешімі және тарату ісін жүргізудің аяқталғаны туралы сот ұйғарымы негізінде жүзеге асырылады.

Аталған жағдайда тіркеуші органға таратылуын тіркеу туралы өтініш тапсыру талап етілмейді.

Тіркеуші орган сот шешімінің және тарату ісін жүргізудің аяқталғаны туралы сот ұйғарымы негізінде заңды тұлғаны тарату туралы бұйрық шығарады.

69. Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін сатып алушы:

1) осы Нұсқаулықтың 20-қосымшасына сәйкес белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органның) мемлекеттік кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы шешімін;

3) мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік кешенін сатып алу-сату шартының көшірмесін;

4) мемлекеттік кәсіпорынның тапсыру актісінің көшірмесін;

5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртектері немесе өзге де құжатты ұсынады.

70. Тіркеуші орган заңды тұлғаны тарату туралы шешім алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тарату тәртібінің орындалуын тексереді;

2) Ұлттық тізілімге заңды тұлғаның таратылғаны туралы мәлімет енгізеді;

Мемлекеттік кіріс органдары Бизнес-сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде, қызметін тоқтататын заңды тұлға жөнінде салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер береді, не мұндай заңды тұлға Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда, берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартады.

3) заңды тұлғаның таратылуын тіркеу туралы, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың (куәліктің) куәліктің күшін жою туралы және оны Ұлттық тізілімден шығару туралы бұйрық шығарады. Заңды тұлғаны таратудың белгіленген тәртібі бұзылған жағдайларда тіркеуші орган таратуды тіркеуден бас тарту туралы бұйрық шығарады;

Қызметін тоқтатуын тіркеуге жүгінген заңды тұлғаның есептен шығарылмаған филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда тіркеуші орган таратуды тіркеуден бас тарту туралы бұйрық шығарады;

3) Ұлттық тізілімге заңды тұлғаның таратылғаны туралы мәлімет енгізеді.

Құрылтай құжаттарының түпнұсқалары, сондай-ақ таратуды тіркеуге ұсынылған өзге де құжаттар тіркеуші органда сақталады.

Ескерту. 70-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығару

71. Филиалды (өкілдікті) есептен алу үшін тіркеуші органға ұсынады:

1) осы Нұсқаулыққа 20-қосымшаға сәйкес белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) филиал (өкілдік) туралы ереже;

3) филиалды (өкілдікті) есептік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртеккі немесе өзге де құжатты ұсынады.

72. Мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі шығарылған заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару:

1) филиал (өкілдік) туралы ереже;

2) филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығарғаны үшін бюджетке тіркеу алымы төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат қоса беріле отырып, осындай шешім негізінде жүзеге асырылады.

73. Заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару қажетті құжаттарымен қоса филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату туралы заңды тұлғаның өтініші берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) қызметін тоқтатудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібінің бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ шетелдік заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болған не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі)) Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда мемлекеттік кіріс органдары берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартқан жағдайларда, тіркеуші орган филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығарудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Ескерту. 73-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Тіркеуші орган филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату туралы өтінішті алған күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде:

1) тапсырылған құжаттардың толық екендігі және дұрыс ресімделгенін тексереді;

2) Ұлттық тізілімге филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтатылғаны жөнінде мәлімет енгізеді.

Мемлекеттік кіріс органдары Бизнес-сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде шетелдік заңды тұлғаның қызметін тоқтататын филиалы (өкілдігі) жөнінде салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер береді не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда, берешегі туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартады;

3) кемшіліктер болмаған жағдайда филиалды (өкілдікті) есептен алу, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы куәліктің күшін жою жөнінде (куәлік болған жағдайда) және Ұлттық тізілімге филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтағаны жөнінде мәлімет енгізу туралы бұйрық шығарады;

4) Ұлттық тізілімге филиалдың (өкілдіктің) есептік тіркеуден алынғандығы жөнінде мәлімет енгізеді.

Филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату үшін тапсырылған құжаттар тіркеуші органда сақталады.

Ескерту. 74-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу (қайта тіркеу) мен құжаттарды беру мерзімі

75. Қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушы заңды тұлғаларды және акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, орта және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы мемлекеттік тіркеу өтініш берілген кезден бастап жұмыс күнінің бір сағаты ішінде жүзеге асырылады.

Саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларды, сондай-ақ қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен кейінгі он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларға, олардың филиалдарына (өкілдіктеріне) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы беру Заңның 12-бабына сәйкес, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы өтінішті қайтарып беру (қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асырған жағдайда) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

Саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларға, сондай-ақ қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарға, олардың филиалдарына (өкілдіктеріне) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы беру Заңның 12-бабына сәйкес, сондай-ақ жарғыны (ережені) қайтарып беру қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Саяси партияларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

77. Сот актілерін және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдарының қаулыларын (тыйымдар, тыйым салу) тіркеу тиісті актілер тіркеуші органға түскен сәтте тез арада жүргізіледі.

12. Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді мемлекеттік (есептік) тіркеуден (қайта тіркеуден), құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуден бас тарту және үзілісі

78. Мынадай:

1) заңды тұлғаны құрудың, қайта тіркеудің және қайта ұйымдастырудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібі бұзылған, құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының заңына сәйкес келмеген;

2) тапсыру актісі немесе бөліну балансы ұсынбаған не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлығы туралы ережелер болмаған;

3) егер заңды тұлға немесе заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) әрекетсіз заңды тұлға болып табылған;

4) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға әрекетсіз заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылған және (немесе) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелуі деп танылған және (немесе) хабар-ошарсыз кеткен деп танылған және (немесе) қайтыс болған деп жарияланған және (немесе) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 215, 237, 238 және 240-баптары бойынша қылмыстары үшін жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар болған, сондай-ақ мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылатын және

мерзімдік өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша үш айдан асатын берешегі жоқ адамды қоспағанда, егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (жеке тұлға және (немесе) заңды тұлға), басшысы, заңды тұлғаны құрған заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы атқарушылық құжат бойынша борышкерлер болып табылған;

5) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген;

6) жеке басты куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттар ұсынылған;

7) сот актілерінің және сот орындаушылары мен құқық қорғау органдары қаулылары (тыйым салулары, қамауға алулары) болған жағдайларда Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тарту жүзеге асырылады

Мемлекеттік тіркеуден (қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда) бас тарту негіздері шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларға қолданылмайды.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 485 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Діни бірлестікті, оның құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктері) мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тартудың қосымша негіздері "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, құрылтай құжаттарындағы және өзге де ұсынылған құжаттардағы мәліметтер дәйексіз болса және (немесе) құрылатын бірлестік дінтану сараптамасының нәтижелері негізінде діни бірлестік ретінде танылмаған жағдайларда жүргізіледі.

80. Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тарту филиалды (өкілдікті) құрудың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртібі бұзылған, есептік тіркеуге ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайларда жүзеге асырылады.

81. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден немесе қайта тіркеуден, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден немесе қайта тіркеуден бас тартылған жағдайда, тіркеуші орган оған ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамалық актісінің талаптарына сәйкес келмейтіндігіне сілтеме жасалған жазбаша түрдегі дәлелді бас тартуды Осы Нұсқаулықтың 12-тарауында көзделген мерзімдерде береді.

82. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша заңды тұлғаларды мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу), олардың қызметінің тоқтатылуын тіркеу, филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеуден шығару, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама) алынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік
Тіркеу және филиалдар мен
өкілдіктерді
есептік тіркеу бойынша
Нұсқаулыққа
1 қосымша
нысан

тіркеу органының атауы

Заңды тұлғаны, филиалды (өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 485 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ұйым нысаны (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз)

1) заңды тұлға _____ 2) филиал _____ 3) өкілдік _____

2. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауы _____

3. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) құрамында шетел инвесторларының қатысуы

(тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз)

1) иә _____ 2) жоқ _____

4. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) мекен-жайы

Мекенжайдың тіркеу коды: _____ Пошта индексі: _____

Облыс: _____

Қала, аудан, _____

Ауылдық округі, қаладағы ауданы: _____

Ауыл, кенті _____

Елді-мекеннің бөлігі (көше, даңғыл және т.б.): _____

Үйдің нөмірі: _____ пәтер, бөлме: _____

Телефон нөмірі _____ Электрондық почта адресі: _____

5. Басшының Т.А.Ә.(бар болған жағдайда) _____

ЖСН _____

6. Құрылтайшылардың құрамы және мөлшері (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз, мөлшері сан түрінде):

1) заңды тұлға _____ 2) жеке тұлға _____

Заңды тұлғаның атауы _____

БСН, салық тіркеу нөмірінің аналогы немесе елдің коды көрсетілуі тиіс (шет ел заңды тұлғасы үшін)

Жарғылық капиталдағы үлесі % _____ Үлес сомасы (мың теңге) _____

Жеке тұлғаның А.Т.Ә. (бар болған жағдайда) _____

ЖСН, (жоқ болған жағдайда салық тіркеу нөмірінің аналогы немесе елдің коды көрсетілуі тиіс) _____

Жарғылық капиталдағы үлесі % _____ Үлес сомасы (мың теңге) _____

Егер құрылтайшылар саны бірнеше болған жағдайда олар туралы мәліметтер: қосымша

парақта (жеке тұлға) Т.А.Ә. ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтерін көрсете

отырып, салық тіркеліміндегі аналог нөмірін немесе ел кодын, (заңды тұлға) БСН көрсете

отырып атауын, салық тіркеліміндегі аналог нөмірін немесе ел кодын, сондай-ақ олардың

жарғылық капиталдағы пайыз түріндегі және ақшалай үлесін көрсете отырып ұсынады.

7. Экономикалық қызмет негізгі түрінің кодын көрсетіңіз:

8. ҚҚС төлеушісі ретінде тіркеу (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) иә _____ 2) жоқ _____

9. Жарғылық капиталдың мөлшері

10. Филиалды (өкілдікті) құрушы заңды тұлға жайлы мәліметтер
Заңды тұлға (резидент емес)

Атауы _____

БСН (жоқ болған жағдайда СТТН аналогы немесе елдің коды
көрсетілуі тиіс) _____

11. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін (шамамен) саны ____

12. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) шағын кәсіпкерлік субъектісі _____ 2) орта кәсіпкерлік
субъектісі _____ 3) ірі кәсіпкерлік субъектісі _____

13. Заңды тұлғаның құрылуына қайта ұйымдастыру негіз болды
(тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) қайта құру _____ 2) қосылу _____

3) бөлініп шығу _____ 4) бөліну _____

_____ 20 жылдың " ____ " _____

Өтінішке қоса тіркеледі:

Өтініш берушінің қолы және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Заңды тұлғаларды мемлекеттік
Тіркеу және филиалдар мен
өкілдіктерді
есептік тіркеу бойынша
Нұсқаулыққа
2-қосымша
нысан

Тіркеу органының атауы

**Үлгі жарғы негізінде қызметін жүзеге асыратын шаруашылық
серіктестікті мемлекеттік тіркеу туралы өтініш**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 485 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Заңды тұлғаның атауы _____

2. Ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз):

1) толық серіктестік _____ 3) жауапкершілігі шектеулі серіктестік _____

2) сенім серіктестігі _____ 4) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік _____

3. Құрамында шетел инвесторларының қатысуы (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз):

1) иә _____ 2) жоқ _____

4. Заңды тұлға еншілес ұйым болып табылады (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз):

1) иә _____ 2) жоқ _____

5. Заңды тұлғаның мекен-жайы

Мекенжайдың тіркеу коды: _____ Пошта индексі: _____

Облыс: _____

Қала, аудан, _____

Ауылдық округі, қаладағы ауданы: _____

Ауыл, кенті

Елді-мекеннің бөлігі (көше, даңғыл және т.б.): _____

Үйдің нөмірі: _____ пәтер, бөлме: _____

Телефон нөмірі _____ Электрондық почта адресі: _____

6. Басшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____

(ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтері) _____

7. Экономикалық қызметінің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз:

8. ҚҚС төлеушісі ретінде тіркеу (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) иә _____ 2) жоқ _____

9. Жарғылық капиталдың мөлшері _____

10. Құрылтайшылардың құрамы және мөлшері (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз, мөлшері сан түрінде):

1) заңды тұлға _____ 2) жеке тұлға _____

Заңды тұлғаның атауы _____

(БСН көрсете отырып)

Жарғылық капиталдағы үлесі % ____ Үлес сомасы (мың теңге) _____

Жеке тұлғаның Т.А.Ә. .(бар болған жағдайда) _____

(ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтерін көрсете отырып

Жарғылық капиталдағы үлесі % ____ Үлес сомасы (мың теңге) _____

Егер құрылтайшылар саны бірнеше болған жағдайда олар туралы мәліметтер: қосымша

парақта (жеке тұлға) Т.А.Ә. ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтерін көрсете

отырып, салық тіркеліміндегі аналог нөмірін немесе ел кодын, (заңды тұлға) БСН көрсете

отырып атауын, салық тіркеліміндегі аналог нөмірін немесе ел кодын, сондай-ақ олардың

жарғылық капиталдағы пайыз түріндегі және ақшалай үлесін көрсете отырып ұсынады.

11. Байқау кеңесі құрылған жағдайда айрықша құзыреті:

12. Тексеру комиссиясының мерзімін көрсетіңіз (жеке ревизор):

13. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін саны (шамамен)

14. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) шағын кәсіпкерлік субъектісі _____ 2) орта кәсіпкерлік субъектісі _____

3) ірі кәсіпкерлік субъектісі _____

15. Заңды тұлғаның құрылуына қайта ұйымдастыру негіз болды (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) қайта құру _____ 2) қосылу _____

3) бөлініп шығу _____ 4) бөліну _____

16. Қайта құруға қатысатын заңды тұлғалардың мөлшері _____

17. Қайта құрылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:

Заңды тұлғаның бұрынғы атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

18. Қосылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:

Бірігуге қатысатын заңды тұлғалардың атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

19. Бөлініп шығу жағдайында келесі мәліметтерді көрсету керек:

Бөлініп шыққан жаңа заңды тұлғаның атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

20. Бөлінген жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:

Заңды тұлғаның негізінде құрылған заңды тұлғалардың атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

20 жылдың " ____ " _____

Өтінішке қоса тіркеледі: _____

Құрылтайшылардың қолдары және Т.А.Ө .(бар болған жағдайда) (қатысушылардың

тізілімі бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысымен жүргізілетін жағдайда - жалпы

жиналыстың құрылтайшыларының хаттамасымен өкілетті тұлғаның қолы (қатысушының шешімімен).

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын шаруашылық серіктестіктерін

қоспағанда, қол(дар) қою шынайылығы нотариалды бекітілген түрде болуы тиіс.

Занды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу және филиалдар мен
өкілдіктерді есептік тіркеу
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша
нысан

Үлгі жарғы негізінде қызметін жүзеге асыратын акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 485 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Тіркелетін акционерлік қоғамның атауы _____

2. Құрамында шетел инвесторларының қатысуы (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз):

1) иә _____ 2) жоқ _____

3. Занды тұлға еншілес ұйым болып табылады (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз):

1) иә _____ 2) жоқ _____

4. Акционерлік қоғамның мекен-жайы

Мекенжайдың тіркеу коды: _____ Пошта индексі: _____

Облыс: _____

Қала, аудан, _____

Ауылдық округі, қаладағы ауданы: _____

Ауыл, кенті _____

Елді-мекеннің бөлігі (көше, даңғыл және т.б.): _____

Үйдің нөмірі: _____ пәтер, бөлме: _____

Телефон нөмірі _____ Электрондық почта адресі: _____

5. Басшының Т.А.Ә. .(бар болған жағдайда) _____

(ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтері)

6. Экономикалық қызметінің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз _____

7. Жарғылық капиталдың мөлшері _____

8. ҚҚС төлеушісі ретінде тіркеу (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) иә _____ 2) жоқ _____

9. Құрылтайшылардың құрамы және мөлшері (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз, мөлшері сан түрінде):

1) заңды тұлға _____ 2) жеке тұлға _____

10. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтің кепіл мөлшерін көрсетіңіз: _____

(бекітілген көрсеткіште немесе оның мәні қол жетімді және жүйелі болған жағдайда қандай да

болса көрсеткішке қатысты қайта есептелген)

11. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтерді төлеу кезеңділігін көрсетіңіз:

12. Міндетті жариялауға жататын ақпаратты басып шығару үшін колданатын бұқаралық ақпарат құралдарын көрсетіңіз: _____

13. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің саны _____
(Үлгі жарғының 37-тармағының талаптары қаржылық ұйымдарға қолданылады)

14. Қоғамды басқару мүшелерінің саны _____

15. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін саны (шамамен)

16. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) орта кәсіпкерлік субъектісі _____ 2) ірі кәсіпкерлік субъектісі _____

17. Заңды тұлғаның құрылуына қайта ұйымдастыру негіз болды (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) қайта құру _____ 2) қосылу _____

3) бөлініп шығу _____ 4) бөліну _____

18. Қайта құруға қатысатын заңды тұлғалардың мөлшері _____

19. Қайта құрылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:

Заңды тұлғаның бұрынғы атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

20. Қосылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:

Бірігуге қатысатын заңды тұлғалардың атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

21. Бөлініп шығу жағдайында келесі мәліметтерді көрсету керек:

Бөлініп шыққан жаңа заңды тұлғаның атауы

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

22. Бөлінген жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:

Заңды тұлғаның негізінде құрылған заңды тұлғалардың атауы

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

заңды тұлғалар базасында пайда болған тұлғаның атауы

20 жылдың " ____ " _____

Өтінішке қоса тіркеледі: _____

Басшының қолы және Т.А.Ә.(бар болған жағдайда)

Қолдың шынайылығы нотариалды бекітілген түрде болуы тиіс.

Тіркеу органының мөрі үшін орын

Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу және филиалдар мен
өкілдіктерді
есептік тіркеу жөніндегі
нұсқаулыққа
4-қосымша
нысан

Үлгі жарғы негізінде қызметін жүзеге асыратын өндірістік кооперативті мемлекеттік тіркеу туралы өтініш

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 27.04.2017 № 485 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Өндірістік кооперативтің атауы _____

2. Құрамында шетел инвесторларының қатысуы (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз):

1) иә _____ 2) жоқ _____

3. Заңды тұлға еншілес ұйым болып табылады (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз):

1) иә _____ 2) жоқ _____

4. Өндірістік кооперативтің заңды тұлғаның мекен-жайы

Мекенжайдың тіркеу коды: _____ Пошта индексі: _____

Облыс: _____

Қала, аудан, _____

Ауылдық округі, қаладағы ауданы: _____

Ауыл, кенті _____

Елді-мекеннің бөлігі (көше, даңғыл және т.б.): _____

Үйдің нөмірі: _____ пәтер, бөлме: _____

Телефон нөмірі _____ Электрондық почта адресі: _____

5. Басшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____

(ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтері)

6. Экономикалық қызметінің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз:

7. Жарғылық капиталдың мөлшері

8. ҚҚС төлеушісі ретінде тіркеу (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз)

1) иә _____ 2) жоқ _____

9. Құрылтайшылардың құрамы және мөлшері (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз,

мөлшері сан түрінде):

1) заңды тұлға _____ 2) жеке тұлға _____

10. Заңды тұлғаның құрылтайшылары туралы мәліметтер

Жеке тұлғаның Т.А.Ә.(бар болған жағдайда) _____

(ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтері, аналогы немесе елдің коды (шет ел жеке

тұлғалары үшін) пай мөлшері % _____ мүлiктік жарна _____

Жеке тұлғаның Т.А.Ә.

(ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтері, аналогы немесе елдің коды (шет ел жеке

тұлғалары үшін) пай мөлшері % _____ мүлiктік жарна (мың теңге) _____

Егер құрылтайшылар саны бірнеше болған жағдайда олар туралы мәліметтер:
қосымша

парақта (жеке тұлға) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің

мәліметтерін көрсете отырып, салық тіркеліміндегі аналог нөмірін немесе ел кодын,

сондай-ақ олардың пай мөлшерін, мүліктік жарнасын көрсете отырып ұсынады.

11. Кооператив мүшелерінің мүліктік салым салудың тәртібі, әдістері және мерзімі

12. Кооператив пен оның мүшелерінің, атқару органының және еңбек ұйымы арасындағы байланыс:

13. Тексеру комиссиясының құрамы _____

14. Тексеру комиссиясын сайлау мерзімі _____

15. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін саны (шамамен)

16. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) шағын кәсіпкерлік субъектісі _____ 2) орта кәсіпкерлік субъектісі _____ 3) ірі кәсіпкерлік субъектісі _____

17. Заңды тұлғаның құрылуына қайта ұйымдастыру негіз болды (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) қайта құру _____ 2) қосыл _____

3) бөлініп шығу _____ 4) бөліну _____

18. Қайта құруға қатысатын заңды тұлғалардың мөлшері _____

19. Қайта құрылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:

Заңды тұлғаның бұрынғы атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

20. Қосылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:

Бірігуге қатысатын заңды тұлғалардың атауы

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

21. Бөлініп шығу жағдайында келесі мәліметтерді көрсету керек:

Бөлініп шыққан жаңа заңды тұлғаның атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

22. Бөлінген жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:

Заңды тұлғаның негізінде құрылған заңды тұлғалардың атауы _____

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

20 жылдың " ____ " _____

Өтінішке қоса тіркеледі: _____

Басқару кооперативі басшысының қолы және Т.А.Ә.(бар болған жағдайда) _____

Қолдың шынайылығы нотариалды бекітілген түрде болуы тиіс.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу
және филиалдар мен өкілдіктерді
есептік тіркеу жөніндегі
нұсқаулыққа
5-қосымша

нысан

1. Заңды тұлғаларды тіркеуге ұсынылатын құжаттардың тізімі

1. Акционерлік қоғам:

жарғы, өз қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды қоспағанда;

құрылтай жиналысының хаттамасы немесе жалғыз қатысушының шешімі;

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.

Ескерту: Тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарды, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен аффилиирленген тұлғаларды, мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік кәсіпорын:

жарғы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органының кәсіпорынды құру туралы шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

Ескерту: Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар - жергілікті атқарушы органының шешімімен құрылады.

3. Мемлекеттік мекеме:

мемлекеттік мекемені құру туралы шешім;

ереже (жарғы);

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

4. Тұрғын үй-құрылыс кооперативі және тұрғын үй кооперативі:

жарғы;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

Ескерту: Тұрғын үй-құрылыс және тұрғын үй кооперативтері кооператив мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы және тұрған жері, ЖСН туралы мәліметтер бар тізімді де ұсынады.

5. Сенімді серіктестік:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Үй (пәтер) иелерінің кооперативі:

кондоминиум объектісіндегі үй (пәтер) иелері құрылтай жиналысының хаттамасы немесе дауыс беру парақтары қосылған жазбаша түрдегі пікір сұрау нәтижесінің хаттамасы;

жарғы;

кондоминиум объектісінің тіркелгені, қайта тіркелгендігі туралы мемлекеттік акт немесе

кондоминиумды мемлекеттік тіркегенін растайтын тіркеуші органның мөртабаны қойылған құжат;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

7. Адвокаттар алқасы:

адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысымен (конференциямен) бекітілген жарғы;

Жарғысы бекітілгендігі туралы уәкілетті органның шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

8. Нотариалдық палата:

құрылтай жиналысымен бекітілген Жарғы;

Жарғысы бекітілгендігі туралы уәкілетті органның шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

9. Қор:

жарғы;

құрылтай шарт (құрылтайшысы бір адамнан көп болғанда);

Жарғысы бекітілгендігі туралы уәкілетті органның шешімі;

Атқарушы органын тағайындағаны жөніндегі алқа органының (қамқоршы кеңесін) шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

10. Қоғамдық бірлестік:

құрылтай съезінде (конференцияда, жиналысында) қабылданған жарғы;
жарғыны қабылдаған құрылтай съезінің (конференциясының, жиналысының)
оған төрағасы және съезд (конференция, жиналыс) хатшы қол қойылған
хаттамасы;

тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы, ЖСН, мекен-жайы, үй және
қызмет телефоны, жеке қолтаңбасы көрсетілген қоғамдық бірлестіктің
бастамашы-азаматтарының тізімі;

қоғамдық бірлестіктің тұрақты жұмыс істейтін органының тұрған жерін
растайтын құжат;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді
есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

Ескерту:

Саяси партияларды тіркеу кезінде қосымша ұсынылады:

партия бағдарламасы;

партия мүшелерінің тізімі, құрамында олардың әрқайсысында тегін, атын,
әкесінің атын, туған айы мен жылын, ЖСН, тұрған жерінің мекен-жайын көрсете
отырып, барлық облыстардағы, республикалық мәні бар қаладағы және
астанадағы кемінде алты жүз мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерді (филиалдар
мен өкілдіктерді) білдіретін кемінде қырық мың партия мүшесі болуға тиіс.

11. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми
жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
бұйрығымен.

12. Заңды тұлғалардың қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестігі, жеке
кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың бірлестігі, жеке кәсіпкерлердің
бірлестігі:

бірлестіктің барлық құрылтайшылары қол қойған құрылтай шарты;

заңды тұлғаны құру жөніндегі уәкілетті органның шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді
есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

13. Ауылдық тұтыну кооперативі:

құрылтай жиналысының хаттамасы;

жарғы;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді
есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат;

азаматтар үшін - тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы және ЖСН және заңды
тұлғалар үшін - атауы, тұрған жері, БСН туралы мәліметтер көрсетілген жарна
салушылардың тізімі.

Ескерту: Су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтерін тіркеу
кезінде қосымша:

Тегі, аты, әкесінің аты, тұратын жері және ЖСН, сондай-ақ заңды тұлғалардың атауы мен тұрған жері көрсетілген кооператив мүшелерінің тізімі, сондай-ақ кооператив мүшелерінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы суармалы жерлердің суын пайдаланушылардың болуы туралы мәліметтер ұсынылады.

14. Аудиторлық палата:

жарғы;

заңды тұлғаны құру жөніндегі уәкілетті органның шешімі;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат.

15. Толық серіктестік:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 20.02.2015 № 101 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Өндірістік кооперативі:

тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, ЖСН, тұратын мекен-жайы көрсетілген өндірістік кооператив мүшелерінің тізімі;

